

2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет пен аудандардың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 16/176 шешімі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес облыстық мәслихаты
ШЕШТІ:

1. Облыстық бюджет пен аудандардың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемі 2023-2025 жылдарға үш жылдық кезеңге абсолюттік көрсеткіште мына көлемде бекітілсін:

1) Аудан және қала бюджеттерінен облыстық бюджетке 2023 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар -15 067 248 мың теңге, оның ішінде:

Қаракия ауданынан – 4 136 468 мың теңге;

Ақтау қаласы – 10 930 780 мың теңге сомасында белгіленсін.

2) Аудан және қала бюджеттерінен облыстық бюджетке 2024 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар - 13 496 651 мың теңге, оның ішінде:

Қаракия ауданынан – 4 460 344 мың теңге;

Ақтау қаласы – 9 036 307 мың теңге сомасында белгіленсін.

3) Аудан және қала бюджеттерінен облыстық бюджетке 2025 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар - 11 547 403 мың теңге сома көлемінде бюджеттік алымдар белгіленсін, оның ішінде:

Қаракия ауданынан – 4 665 941 мың теңге;

Ақтау қаласы – 6 881 462 мың теңге сомасында белгіленсін.

4) Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2023 жылға арналған субвенциялар 3 049 241 мың теңге, оның ішінде:

Бейнеу ауданына – 1 710 711 мың теңге;

Мұнайлы ауданына – 1 338 530 мың теңге сомасында белгіленсін.

5) Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған субвенциялар 3 606 112 мың теңге, оның ішінде:

Бейнеу ауданына – 2 043 022 мың теңге;

Мұнайлы ауданына – 1 563 090 мың теңге сомасында белгіленсін.

6) Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған субвенциялар 4 055 317 мың теңге оның ішінде:

Бейнеу ауданына – 2 240 214 мың теңге;

Мұнайлы ауданына – 1 815 103 мың теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту. 1 - тармаққа қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Маңғыстау облысы мәслихатының 27.09.2023 № 5/43 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Тумышев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК